# Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 12 ақпан N 205

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Z990357_ Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған 1-5-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттары бекітілсін. <*>

Ескерту. 1 тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.05.29. N 205а қаулысымен. P02205a

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 12 ақпандағы N 205 қаулысына 1-қосымша

Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

"Әкімшілік шығыстардың" 2002 жылға арналған 001 бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ

1. Құны: 65060 мың теңге (алпыс бес миллион алпыс мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Мемлекеттік қызмет туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасы Z990453_ Заңының 21-25-баптары, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен қамтылатын органдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 U010575_ Жарлығы; "Штат саны лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 39 P020039_ қаулысы; "Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі мәселелері" жөніндегі "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 шілдедегі N 1020 P991020_ қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландырудың көздері: республикалық бюджет

қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі әкімші орталық аппараттың және аумақтық органдардың қызметін өздеріне жүктелген міндеттерді барынша тиімді орындауға қол жеткізуі үшін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігінің орталық аппараты мен аумақтық бөлімшелерінің аппараттарын ұстау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| Р/с N | Бағдарламаның коды | Кіші бағдарламаның коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы | Бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру жөніндегі іс-шара | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | Әкімшілік шығыстар | | | |
| | | 001 | Орталық орган аппараты | Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігінің орталық аппаратын 25 бірлік құрамында бекітілген штат саны шегінде ұстау | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі |
| 2 | | 002 | Аумақтық органдар аппараты | Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігінің аумақтық бөлімшелерін 120 бірлік құрамында бекітілген штат саны шегінде ұстау | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі |

-----------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігіне және оның аумақтық бөлімшелеріне жүктелген міндеттердің сапалы және уақытылы орындалуы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 12 ақпандағы
N 205 қаулысына
2-қосымша

Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

Қазақстан Республикасы Көші-қон және демография жөніндегі агенттігінің ақпараттық жүйесін құрудың 2002 жылға арналған 600 бюджеттік бағдарламасының
ПАСПОРТЫ

1. Құны: 12652 мың теңге (он екі миллион алты жүз елу екі мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 16 наурыздағы "Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы" N 573 Жарлығы; "Қазақстан Республикасының салық төлеушілерін есепке алудың бірыңғай автоматтандырылған деректер банкін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 маусымдағы N 991 P000991_ қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландырудың көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы Көші-қон және демография жөніндегі агенттігінің бірыңғай ақпараттық жүйесін құру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: есептеу және ұйымдастыру техникасымен қамтамасыз ету, жұмыс орындарын автоматтандыру, жергілікті-есептеу желісін ұйымдастыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

```
--------------------------------------------------------------------
Р!Бағдар.!Кіші !Бағдарламалардың !Бағдарламаларды (кіші! Іске !  Жауапты
/!ламаның!бағ. !(кіші бағдарлама.!бағдарламаларды) іске! асыру! орындау-
с!коды   !дар. !лардың) атауы    !асыру жөніндегі      !мерзі.!  шылар
N!       !лама.!                 !      іс-шара         !мі    !
!        !ның  !                 !                      !      !
!        !коды !                 !                      !      !
--------------------------------------------------------------------
```

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 600 | | ҚР Көші-қон және демография жөнін. дегі агенттігінің ақпараттық жүйе. сін құру | 18 дана компьютер, 18 дана принтер, 1 дана сервер, 1 дана көшірме жасағыш аппарат, 18 дана сканер, 18 дана модем, 1 дана желілік жабдық сатып алу. | 2002 ж. ақпан- маусым | ҚР Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасы Көші-қон және демография жөніндегі агенттігінің және аумақтық органдарының аппаратын есептеу және ұйымдастыру техникасымен қамтамасыз ету. Жұмыс орындарын автоматтандыру, жергілікті желілер құру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 12 ақпандағы
N 205 қаулысына
3-қосымша

Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

Қазақстан Республикасы Көші-қон және демография жөніндегі агенттігінің ақпараттық-есептеу қызметін көрсетуінің 2002 жылға арналған бюджеттік бағдарламасының

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 4381 мың теңге (төрт миллион үш жүз сексен бір мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 16 наурыздағы "Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы" N 573 Жарлығы; "Қазақстан Республикасының салық төлеушілерін есепке алудың бірыңғай автоматтандырылған деректер банкін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 маусымдағы N 991 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландырудың көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: ақпараттық жүйенің жұмыс істеуін

қамтамасыз ету, берілген торап бойынша Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігін және деректер алмасу үшін коммутациялық жалғау бойынша аумақтық органдарды Интернет желісіне қосу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: компьютерлік техника паркіне техникалық қызмет көрсету, Қазақстан Республикасы Көші-қон және демография жөніндегі агенттігінің ақпараттық жүйесін алып жүру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| Р/с N | Бағдарламаның коды | Кіші бағдарламаның коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы | Бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру жөніндегі іс-шара | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 500 | | Қазақстан Республикасы Көші-қон және демография жөніндегі агенттігінің ақпараттық-есептеу қызметін көрсету | Интернетке қол жеткізу үшін байланыстың бөлінген арнасын жалдау, Агенттіктің ресурстарға жойылған қолжеткізілімін ұйымдастыру, жойылған пайдаланушылар саны 15, жергілікті есептеу байланыстарын монтаждау, пайдаланушылар саны 16, электрондық поштаны пайдаланушылар саны 16 | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Агенттіктің өз бөлімшелерімен деректер алмасуы үшін ақпараттық жүйені сапалық жағынан жақсарту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 12 ақпандағы

N 205 қаулысына
4-қосымша

Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

Репатрианттарды (оралмандарды) тарихи отанына қоныстандыру мен әлеуметтік қорғаудың 2002 жылға арналған 030 бюджеттік бағдарламасының
ПАСПОРТЫ

1. Құны: 375103 мың теңге (үш жүз жетпіс бес миллион бір жүз үш мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 204-I Z970204_ Заңының 29-бабы; "Репатрианттар (оралмандар) үшін Республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттарды нысаналы пайдалану туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 тамыздағы N 1194 P991194_ қаулысы; Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі Төрағасының "Қоныс аударушылардың бейімделу орталықтарында болу және сүзгіден өту ережесі туралы" 2000 жылғы 14 сәуірдегі N 18 бұйрығы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландырудың көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының халқын сан жағынан өсіруге жәрдемдесетін демографиялық ахуалды жақсарту және елде қолайлы жағдай жасау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: өзінің тарихи отанына қайтып оралған этникалық қазақтарды, соның ішінде Түркістан ауылының тұрғындарын қоныстандыру және жайластыру. <*>

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.09.30. N 205б қаулысымен. P02205b

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| Р/с N | Бағдар. ламаның коды | Кіші бағ. дар. лама. ның коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарлама. лардың) атауы | Бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру жөніндегі іс-шара | Іске асыру мерзі. мі | Жауапты орындау. шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 030 | Репатрианттарды (оралмандарды) тарихи отанына қоныс аудару және әлеуметтік қорғау | Қытайдан және жақын шет елдерден, соның ішінде Түркістан ауылынан қоныс аудару <*> | 2002 жыл қыркүйек-желтоқсан | Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі |
| | 030 | Қоныс аудару іс-шаралары | | | |
| 2 | 031 | Репатрианттарды (оралмандардың) бейімделу орталығы | Репатрианттардың (оралмандардың) бейімделу кезеңінде келген 2655 отбасын орналастыру | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі |

---------------------------------------------------------------------

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.09.30. N 205б қаулысымен. P02205b b

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: 2002 жылы келген оралмандар отбасыларының саны - 2655, соның ішінде Түркістан ауылынан келген отбасылар саны - 117, өз бетімен келгендер - 2538; өз бетімен келгендердің көлік шығындарын өтеу; 2002 жылғы көшіп келу квотасы бойынша келгендерге біржолғы жәрдемақы төлеуді қамтамасыз ету; Түркістан ауылынан келгендерге тұрғын үй сатып алу. < * >

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.09.30. N 205б қаулысымен. P02205b

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 12 ақпандағы
N 205 қаулысына

5-қосымша

Ескерту. 5-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.05.29. N 205а қаулысымен. P02205a a

Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі

---------------------------------------

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

Репатрианттардың (оралмандардың) отбасыларына тұрғын үй сатып алудың 2002 жылға арналған 032 бюджеттік бағдарламасының

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 767986 мың теңге (жеті жүз алпыс жеті миллион тоғыз жүз сексен алты мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Z970204_ Заңының 29-бабы; "Республикалық бюджеттен репатрианттар (оралмандар) үшін бөлінген қаражаттарды нысаналы пайдалану туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 тамыздағы N 1194 P991194_ қаулысы; "Репатрианттардың (оралмандардың) отбасылары үшін үй сатып алу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 4 мамырдағы N 605 P010605 _ қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландырудың көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: 2002 жылғы көшіп келу квотасы бойынша келген оралмандар отбасыларын тұрғын үймен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: 2002 жылғы көшіп келу квотасы бойынша өзінің тарихи отанына қайтып оралған оралмандарды дер кезінде жайластыру (тұрғын үймен қамтамасыз ету).

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| Р/с N | Бағдарламаның коды | Кіші бағдарламаның коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы | Бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру жөніндегі іс-шара | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 032 | | Репатрианттардың (оралмандардың) отбасыларына тұрғын үй сатып алу | 2655 оралмандар отбасылары үшін тұрғын үй сатып алу | 2002 ж. Мамыр-желтоқсан | Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: 2655 оралмандар отбасыларын тұрғын үймен қамтамасыз ету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК